

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ



«БББ» түріндегі
Бағдарлама директорының орынбасары профессор м.у.а
Т. Е. Назманбетов
2024ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B04110 - Экономика

Тіркеу номері	6B04100224
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B04 Бизнес, басқару және құқық
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	6B041 Бизнес және басқару
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	B046 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі
БББ түрі	қолданыстағы
ББХСЖ бойынша деңгейі	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Оқыту тілі	Орыс, қазақ, ағылшын
БББ көлемі	240 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Шымкент, 2024 ж.

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	қызметі	КОЛЫ
Тулеметова А.С.	Э.ғ.к., «Экономика» кафедрасының меңгерушісі	
Шевченко И.И.	аға оқытушы, магистр	
Алиева А.	ЭФ-21-1р тобының студенті	
Абдихан А.	ЭФ-21-1к3 тобының студенті	
Исхахов Т.	«Бал Текетиль» ЖШС директоры	
Харипова Н.Ю.	«Шымкентмай» АҚ қаржы директоры	
Злавинов В.И.	«АС3 ВИЗИТ» ЖШС директоры	
Бактыбаев Р.Б.	Шымкент қаласы қаржы басқармасының басшысы	
Архабаева А.Н.	«IS QOLDAY» әйелдер және отбасылық бизнесті қолдау» қоғымдық бірлестігінің төрағасы	

Білім беру бағдарламасы «Басқару және бизнес» ЖМ академиялық сара жөніндегі комитет мәжілісінде каралды.

« 14 » 02 2024ж. № 4 хаттама.

АК (комитет) төрағасы Куланова Д.А.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

« 28 » 02 2024ж. № 4 хаттама.

ОӘК төрағасы К.Р.Сарыкулов

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

« 28 » 03 2024ж. № 10 хаттама.

МАЗМҰНЫ

1.	Бағдарламаның концепциясы	3
2.	Білім беру бағдарламасының паспорты	5
3.	БББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері	8
3.1.	Жалпы БББ бойынша оқыту нәтижелерінің қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы	9
4.	Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы	10
5.	Білім беру бағдарламасының модульдер кескінінде меңгерілген кредиттер көлемімен көрсетілген жиынтық кесте	56
6.	Оқыту стратегиясы, әдістері және жасанды интеллект, бақылау және бағалау	57
7.	БББ оқу-ресурстық қамтамасыз ету	58
	Келісу парағы	60
	Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі	61
	Қосымша 2. Эксперттік қорытынды	63

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Университет миссиясы	Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшы дайындау.
Университет құндылықтары	<ul style="list-style-type: none">– ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа әзір;– шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады;– академиялық еркіндік – таңдау жасаудағы, дамудағы еркіндік және іс-әрекет;– серіктестік – барлығы жеңіске жетететін және сенімділік пен қолдау тудыратын қарым-қатынасты құру;– әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешім қабылдауға және оның нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.
Түлек үлгісі	<ul style="list-style-type: none">- Пән бойынша терең білім алу, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі дамыту;- Жедел өзгермелі жағдайдағы ақпараттық және цифрлық сауаттылық және ұтқырлық;- Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалды интеллект;- Кәсіпкерлік, дербестік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік;- Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.
БББ бірегейлігі	<ul style="list-style-type: none">• Стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген түлектің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру арқылы өңірлік еңбек нарығына және әлеуметтік тапсырысқа бағдарлану.• Практикаға бағдарлану және сыни ойлау мен іскерлікті дамытуға, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауатты және бәсекеге қабілетті болуға және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға баса назар аудару.• Мемлекеттік билік органдары мен ұйымдарда, кәсіпорындарда, түрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы мекемелерде түлектің кең лауазымдық ұстанымын және мансаптық өсуін іске асыруға мүмкіндік беретін білімді, іскерлікті, дағдыларды интеграциялау; инновациялық сипаттағы пәндерді оқытуға мүмкіндік беретін, университеттің жоғары материалдық-техникалық және кадрлық әлеуетін пайдалану болып табылады. Бұл, өз кезегінде, экономиканың нақты секторы және қызметтер көрсету саласы кәсіпорындары мен ұйымдары үшін жоғары білікті мамандарды дайындауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
Академиялық адалдық және этика саясаты	Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды: <ul style="list-style-type: none">– Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022 ж. №212-нқ бұйрығы);– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (07.12.2021ж. №221-нқ бұйрығы);– Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нқ бұйрығы).
БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері	<ol style="list-style-type: none">1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы No 595 бұйрығымен және 29.12.2021ж №614 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Жоғары және (немесе)

жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

3.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар

4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі No 152 бұйрығымен және 23.09.2022 жылғы №79 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі;

6.Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы No 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.

7.Оқу процесіне ECTS принциптерін енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту бойынша әдістемелік ұсыныстар. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығына қосымша. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 12 ақпандағы № 57 бұйрығы

8.Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулық, ҚР ҒЖБМ жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының 4.05.2023 жылғы № 601 н/қ бұйрығына 1-қосымша

Білім беру процесін ұйымдастыру

- Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру;
- Білімалушыға бағытталған оқыту;
- Қол жетімділік;
- Инклюзивтілік.

БББ сапасын қамтамасыз ету

- Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі;
- БББ әзірлеуге және оны бағалауға стейкхолдерлерді тарту;
- жүйелі мониторинг;
- мазмұн өзектілігі (жанарту)

Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар

Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары

Ерекше білім беруді қажеттететін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпустарында (бас ғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар

пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты <http://lib.ukgu.kz/> тәулік бойы жұмыс істейді. Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.

2. БББ ПАСПОРТЫ

БББ мақсаты	тиімді басқарушылық шешімдер қабылдауға, елдің, бизнес субъектілерінің озық экономикалық дамуын қамтамасыз етуге қабілетті жоғары білікті экономика бакалаврларын дайындау.
БББ міндеттері	<ul style="list-style-type: none">- қоғамда әлеуметтік-жауапкершіліктік тәртіпті қалыптастыру, кәсіби әдеп нормаларының маңыздылығын түсіну және оларды сақтау;- бүкіл өмір бойы оқуды жалғастыруға мүмкіндік беретін, өзінің барлық кәсіби мансабындағы өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын базалық бакалавр дайындығын қамтамасыз ету;- жалпы жоғары интеллектуалдық даму деңгейіне жету, сауатты, әрі жетік сөйлей білуді, ойлау мәдениеті мен ұлттық және аймақтық экономика салаларында еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларын игеру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;- олардың мамандық бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету немесе келесі оқу деңгейлерінде оқуын жалғастыруларына жағдай жасау үшін интеллектуалдық, физикалық, рухани, эстетикалық жағынан дамуы үшін жағдайлар жасау;- экономика, кәсіпкерлік, өндірісті басқару және ұйымдастыру аясында толыққанды, сапалы білім, кәсіби құзіреттілік ұсыну;- сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.
БББ үйлесімділігі	<ul style="list-style-type: none">• Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі;• 6- біліктілік деңгейінің Дублин дискрипторы;• Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1- циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area);• Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).
БББ кәсіби саламен байланысы	<p>БВ04110 – Экономика БББ кәсіби стандарттарға сәйкес келеді:</p> <ul style="list-style-type: none">– "Фирма ресурстарын жоспарлау және талдау саласындағы қызмет" кәсіптік стандарты ("Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 26.12.2019 ж. №263 бұйрығымен бекітілген – 85-қосымша);– "Жобаларды басқару" кәсіптік стандарты ("Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 26.12.2019 ж. №263 бұйрығымен бекітілген – 93-қосымша);– "Инновациялық идеяларды әзірлеу және трансформациялау" кәсіптік стандарты ("Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 24.12.2019 ж. № 259 бұйрығымен бекітілген – 9-қосымша).– «Сот экономикалық сараптамасы» кәсіптік стандарты (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы № 60 23.01.2024ж., 19-қосымша);– «Азық-түлік емес тауарларды сот-сараптамалық тауартану зерттеуі» кәсіптік стандарты (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы № 60 23.01.2024ж., 20-қосымша);

Берілетін дәреженің атауы	Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «6В04110 - Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша экономика бакалавры» дәрежесі беріледі.
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	6В04110 "Экономика" БББ бойынша бакалаврлар (ғылыми-зерттеу мекемелерінде, конструкторлық және жобалық ұйымдарда) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының Біліктілік анықтамасындағы біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, экономика және статистика аясында, кез-келген ұйымдық-құқықтық нысандағы кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы және экономика бөлімдерінде, талдамалық бөлімшелерде экономист, сарапшылар және басқа да қызметкерлердің бастапқы лауазымдарын атқара алады
Кәсіби саласы	Экономика бакалаврының кәсіби қызмет саласы ұлттық және аймақтық экономика саласы болып табылады.
Кәсіби қызмет нысандары	Бітіруші түлектердің кәсіби қызмет нысандары қызмет түріне, меншік нысанына, қатысушылар санатына (ҚР резиденттері және резидент еместері), ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамай ұйымдар мен кәсіпорындардың экономикалық, қаржылық, маркетингтік, өндірістік-экономикалық және талдамалық қызметтері, республикалық және жергілікті деңгейдегі мелекеттік органдар, ғылыми-зерттеу институттары болып табылады.
Кәсіби қызмет пәні	6В04110 "Экономика" БББ бойынша экономика бакалаврының кәсіби қызмет пәндері саланың немесе жеке кәсіпорынның нақты жағдайларында экономикалық үдерістердің дамуының жалпы, жеке және айрықша экономикалық заңдарының әрекет етуі мен көріну нысандарын зерттеу болып табылады
Кәсіби түрлері	6В04110 "Экономика" БББ бойынша экономика бакалавры келесі кәсіби қызметтерді атқара алады: <ul style="list-style-type: none"> - талдамалық; - ұйымдастырушылық-технологиялық; - өндірістік-басқарушылық; - жобалау; - ғылыми-зерттеу.
Оқу нәтижелері	<p>ОН1 Өзін-өзі тәрбиелеу және салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын көрсете отырып, жеке түрде және команданың мүшесі ретінде тиімді жұмыс жасау.</p> <p>ОН2 Белгісіздік пен тәуекел жағдайында кәсіпкерлік дағдыларын және жұмыс жасау дағдыларын пайдалану.</p> <p>ОН3 Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық, өндірістік және коммерциялық қызметінің (бизнес-жоспарларының) жоспарларын, кәсіпорынның және оның бөлімшелерінің перспективалық және ағымдағы жоспарларын, кәсіпорынды дамытудың жалпы және функционалдық стратегияларын әзірлеу.</p> <p>ОН4 Еңбек үдерістері мен жұмыс орындарын жобалау, ұйымның еңбек ресурстарына қажеттіліктерін жоспарлау; еңбек шығындарын мөлшерлеуді іске асыру; еңбекақының және қызметті</p>

ынталандырудың заманауи нысандарын әзірлеу.

ОН5 Ғылыми зерттеу әдістерін қалыптастыру негізінде дүниетанымдық, азаматтық, рухани және әлеуметтік жауапкершілікті, әлеуметтік-мәдени, кәсіби дамуды көрсету.

ОН6 Кәсіби қызметте негізделген ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдерді әзірлеуге қатысу.

ОН7 Қойылған экономикалық міндеттерді шешу, экономикалық процестерді, макро - және микродеңгейдегі құбылыстарды бағалауға қажетті деректерді жинауды, жүйелеуді, талдауды және өңдеуді жүзеге асыру; кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасы, оның ішінде сот сараптамасын (зерттеуін) жүргізу кезінде мәселелерді анықтай отырып, оларды шешудің жолдары мен тәсілдерін ұсыну.

ОН8 Академиялық жазу қағидаттары мен академиялық адалдық мәдениетін ескере отырып, кәсіби ортада және қоғамда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде еркін қарым-қатынас жасау.

ОН9 Кәсіби қызметте заманауи техникалық құралдарды, бағдарламалық өнімдерді және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, ақпараттық және есептеу сауаттылығы болуы тиіс.

ОН10 Стандартты теориялық және эконометрикалық модельдер негізінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметінің көрсеткіштерін, үдерістерді, құбылыстарды, жағдаяттарды экономикалық-математикалық үлгілеу, болжау әдістерін пайдалану.

ОН11 Қызметтің әр түрлі аяларында инвестициялық және инновациялық жобаларды (идеяны жинақтау кезеңінен инновацияны коммерцияландыруға дейін) әзірлеу және іске асыру және олардың тиімділігін бағалау.

ОН12 Үнемдеу режимін, материалдық, еңбек және қаржылық ресурстарды онтайлы пайдалану, өндірістің рентабельділігін, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін, еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі шараларды әзірлеу; экономикалық қызметтің тиімділігін арттыру резервтерін анықтау.

3. БББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері

ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (SOFT SKILLS). Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер

ЖҚ 1. Өз сауаттылығын басқарудағы құзыреттілік

ЖҚ 1.1. Өздігінен оқу, Өзін-өзі дамыту және таңдаған траектория аясында және пәнаралық жағдайда өз білімін үнемі жаңартып отыру қабілеті.

ЖҚ 1.2. Кәсіби салада ой, сезім, фактілер мен пікірлерді білдіру қабілеті.

ЖҚ 1.3. Қазіргі әлемдегі ұтқырлық және сыни ойлау қабілеті.

ЖҚ 2. Тілдік құзыреттілік

ЖҚ 2.1. Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құру қабілеті.

ЖҚ 2.2. Мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеті.

ЖҚ 3. Математикалық құзыреттілік және ғылым саласындағы құзыреттілік

ЖҚ 3.1. Кәсіптік міндеттерді шешу үшін ЖОО-да математикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық пәндерді оқу кезінде алынған білім әлеуетін, тәжірибесін және жеке қасиеттерін қолдану қабілеті мен дайындығы.

ЖҚ 4. Цифрлық құзыреттілік, технологиялық сауаттылық

ЖҚ 4.1. Өзінің өмірі мен кәсіби қызметінің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты көрсету және дамыту қабілеті.

ЖҚ 4.2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін: интернет-ресурстарды, ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау және тарату бойынша бұлтты және мобильді сервистерді пайдалану қабілеті.

ЖҚ 5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттілігі

ЖҚ 5.1. Дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін физикалық өзін-өзі жетілдіруге және салауатты өмір салтына бағдарлау қабілеті.

ЖҚ 5.2. Азаматтық және адамгершілік таныту негізінде әлеуметтік-мәдени даму қабілеті.

ЖҚ 5.3. Өзін-өзі дамыту, мансаптық өсу және кәсіби жетістік үшін өмір бойы жеке білім алу траекториясын құру мүмкіндігі.

ЖҚ 5.4. Оқуда, жұмыста, үйде және бос уақытта әлеуметтік-мәдени контекстердің барлық түрлерінде сәтті өзара әрекеттесу қабілеті.

ЖҚ 6. Кәсіпкерлік құзыреттілік

ЖҚ 6.1. Әр түрлі ортада креативтілік және кәсіпкерлік таныту қабілеті.

ЖҚ 6.2. Белгісіздік режимінде жұмыс істеу және тапсырма шарттарын тез өзгерту, шешім қабылдау, ресурстарды бөлу және уақытты басқару қабілеті.

ЖҚ 6.3. Тұтынушының сұраныстарымен жұмыс істеу қабілеті.

ЖҚ 7. Мәдени сана және өзін-өзі көрсету қабілеті

ЖҚ 7.1. Дүниетанымдық, азаматтық және моральдық ұстанымдарды көрсету қабілеті.

ЖҚ 7.2. Әлемнің басқа халықтарының дәстүрлері мен мәдениетіне төзімді болу, жоғары рухани қасиеттерге ие болу қабілеті.

КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (HARD SKILLS).

Осы бағытқа тән теориялық білім және практикалық дағдылар мен іскерліктер

КҚ1 - әлеуметтік-экономикалық үдерістер мен құбылыстар туралы отандық және шетелдік статистиканың деректерін талдау және интерпретациялау, олардың даму үрдістерін анықтау, ақпараттық шолу және/немесе талдамалық есеп құрастыру қабілеті;

КҚ2 - типтік әдістемелер мен қолданыстағы нормативті-құқықтық база негізінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін сипаттайтын экономикалық және әлеуметтік-экономикалық

көрсеткіштерді есептеу қабілеті

КҚ3 - басқару шешімдерінің ұсынылып отырған нұсқаларын сыни бағалауға, әлеуметтік-экономикалық тиімділігі өлшемдерін, тәуекелдер мен ықтималды әлеуметтік-экономикалық салдарларын ескере отырып, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және негіздеу қабілеті;

КҚ4 - жаңа кәсіпорынды ұйымдастыруға, іс-әрекеттегі кәсіпорынды техникалық қайта жаратандыру, реконструкциялау және кеңейту, өнімнің жаңа түрлерін енгізуге қатысты жобалық есептеулер әзірлеуді және жүргізуді жүзеге асыру, арнаулы құжаттар (техникалық-экономикалық негіздеме, бизнес-жоспар және т. б.) даярлау; сондай-ақ әзірленген жобалардың стандартқа және басқа нормативтік құжаттарға сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру;

КҚ5 - экономикалық процестер мен құбылыстардың сипаттамасы негізінде стандартты теориялық және эконометрикалық модельдер құру, алынған нәтижелерді талдау және мазмұндық түсіндіру, әлеуметтік-экономикалық болжамдар жасау қабілеті;

КҚ6 - экономикалық, техникалық және әлеуметтік факторлар кешенін ескере отырып, кәсіпорын қызметінің тиімділігін жоғарылату мақсатында еңбек үдерістері мен еңбекақы төлеу жүйесін жобалау, кәсіпорында еңбек нормаларын есептеу қабілеті.

3.1 Жалпы БББ бойынша оқыту нәтижелерінің қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12
ЖҚ 1	+				+			+				
ЖҚ 2	+							+				
ЖҚ 3					+					+		
ЖҚ 4							+		+	+		
ЖҚ 5	+			+	+							
ЖҚ 6		+	+				+				+	+
ЖҚ 7	+							+				
КҚ1							+		+			
КҚ2			+				+					
КҚ3		+	+			+				+		
КҚ4			+								+	
КҚ5										+		
КҚ6				+								+

4. Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы

№	Модуль атауы	Цикл	Компонент	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтары)											
							ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
1	Қоғамдық ғылымдар негіздері	ЖБП	МК	Қазақстан тарихы	<p><u>Мақсаты:</u> Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде Қазақстан тарихының объективті білім беру.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы. Түркі өркениеті және Ұлы дала. Қазақ хандығы. Жаңа заман дәуіріндегі Қазақстан. Қазақстан кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрамында. Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы, қоғамдық-саяси даму, сыртқы саясаты және халықаралық қатынастары. Қазақстан тарихындағы оқиғалардың себеп-салдарын талдаудың тарихи суреттеу әдістері мен тәсілдері.</p>	5					V							
2		ЖБП	МК	Философия	<p><u>Мақсаты:</u> философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, оларға келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Философияның пәні мен әдісі. Дүниені философиялық түсінудің негіздері. Болмыс. Онтология және метафизика.</p>	5	V					V						

					Таным және шығармашылық. Білім, ғылым, техника және технологиялар. Адам философиясы және құндылықтар әлемі. Этика. Құндылықтар философиясы. Эстетика пәні философиялық білім саласы ретінде. Еркіндік философиясы. Өнер философиясы. Қоғам және мәдениет. Тарих философиясы. Дін философиясы. «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы.													
3	Әлеуметтік-саяси білімдер	ЖБП	МК	Әлеуметтану және саясаттану	<p>Мақсаты: Қоғамдық-саяси қызмет туралы білімдерін қалыптастыру, қоғамдық-саяси процестер мен құбылыстарды түсіндіру.</p> <p>Мазмұны: Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтар жүйесін қарастыру. Қазақстандық қоғамды жаңғыртудағы рөлі тұрғысынан әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық институттардың ерекшеліктерін түсіну. Қоғамдағы жанжалды жағдайларды реттеу бойынша шешімдер қабылдау. Саяси институттар мен процестерді зерттеу, саясат, билік, мемлекет және азаматтық қоғам туралы түсініктерді талдау және түсіндіру әдістері. Социологиялық, салыстырмалы талдаудың әдістері мен әдістері. Қазіргі әлемдегі саяси жағдайдың мәні мен мазмұны. Негізгі саяси институттарды талдау және жіктеу.</p>	4	V				V							

4		ЖБП	МК	Мәдениеттану және психология	<p><u>Мақсаты:</u> тарих, қазіргі тенденциялар, мәдениет пен психологияны дамытудың өзекті мәселелері мен әдістері туралы ғылыми білімдерін, психологиялық құбылыстарды жүйелі талдау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Мәдениеттің морфологиясы, тілі, семиотикасы, анатомиясы. Көшпелілер, прототүркілер, түріктер мәдениеті. Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті. XVIII – XIX ғасырлар тоғысындағы қазақ мәдениеті, XX ғ. Қазақстанның мәдени саясаты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Ұлттық сана, мотивация. Эмоциялар, интеллект. Адамның еркі, өзін-өзі реттеу психологиясы. Жеке типологиялық ерекшеліктері. Құндылықтар, мүдделер, нормалар рухани негіз болып табылады. Өмірдің мәні, кәсіби өзін-өзі анықтау, денсаулық. Жеке тұлға мен топтың қарым-қатынасы. Әлеуметтік-психологиялық конфликт. Қақтығыс кезіндегі мінез-құлық үлгілері.</p>	4	V					V							
5	Әлеуметтік-этникалық даму	ЖБП	ЖК	Экожүйе және құқық	<p><u>Мақсаты:</u> Экономика, құқық, антикоррупциялық мәдениет, экология және тіршілік қауіпсіздігі, кәсіпкерлік, ғылыми зерттеулер әдістері саласында интеграцияланған білімді қалыптастыру.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Адам мен табиғаттың қауіпсіз өзара іс-қимылының, экожүйелер мен биосфераның өнімділігінің негіздері. Ресурстардың шектеулілігі</p>	5	V	V			V								

					жағдайындағы қоғамның кәсіпкерлік қызметі, бизнес пен ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Экология және адам тіршілігінің қауіпсіздігі саласындағы қатынастарды реттеу. Қазақстандық құқықты, субъектілердің міндеттері мен кепілдіктерін білу, әлеуметтік прогресті қамтамасыз ету үшін қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеуді білу және сақтау. Ғылыми зерттеулер әдістерін қолдану.														
6		БП	ТК	Абайтану	<u>Мақсаты:</u> А.Құнанбайұлы арқылы «Қазақтану» жобасындағы «ұлттық кодты» сақтау мен дәріптеу <u>Мазмұны:</u> ХІХ-ХХғ. Қазақстан тарихына, қазақ әдебиетіне тарихи шолу жасау. Абайтану саласының дамуындағы ХХ-ХХІ ғасырдың абайтанушылардың еңбектері. Абайдың шығармашылығының хронологиясы. Абай - қазақ халқының ұлы ақыны, этнограф, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Абай - «Қарамола Ережесі» заңдар жинағының құрастырушысы, қоғамдық маңыздылығы. Абай - ойшыл, дінтанушы, философ. Абай білім және ғылым саласындағы рөлі, «Толық адамды» қалыптастыру идеясы. Абайдың аудармалары, поэмалары, «Қара сөздері», «Абай жолы» роман-эпопея. Қ.Тоқаев «Абай және Қазақстан ХХІ ғасырда» маңыздылығы.	3					V								
7		БП	ТК	Мұхтартану	<u>Мақсаты:</u> М.Әуезовтің әдеби-тарихи шығармашылығы туралы						V								

				<p>әдебиет тарихымен патриоттық және мәдени-рухани ұстаным негізінде түсінік қалыптастыру. Шығармашылық ойлауын, өзіндік зерттеу дағдысын дамыту.</p> <p><u>Мазмұны:</u> М.Әуезовтің Семей, Ташкент, Санкт-Петербург кезеңіндегі өмірі мен шығармашылық жолы. «Шолпан», «Абай» журналдарындағы М.Әуезовтің қызметі. М. Әуезовтің публицистикасы. «Қорғансыздың күні», «Қыр суреттері», «Оқыған азамат», «Көксерек» әңгімелеріне, «Еңлік-Кебек» пьесасына, «Қилы заман», «Қараш-қараш» оқиғасы» повестеріне, «Абай Құнанбаев» монографиясына, «Абай жолы» роман-эпопеясына шолу жасау.</p>															
8		БП	ТК	<p>Қаржылық сауаттылық негіздері</p>	<p><u>Максаты:</u> қаржылық әл-ауқатқа жету үшін маңызды болып табылатын жеке және отбасылық қаржылық ресурстарды зерттеу.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Қаржылық жоспарлау және тұтынушылардың қауіпсіздігі. Ақшаны тиімді жұмсаудың және үнемдеудің негізгі әдістері мен тәсілдері. Жеке қаржылық ресурстарды қорғау және инвестициялау. Жеке қаржының рөлі мен маңызы, оның қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізудегі мүмкіндіктері. Көптеген күмәнді қаржылық ақпаратты сүзгілеу. Жауапкершілікті өз бетінше басқаруға ынталандыру және тұтынушының оңтайлы қаржылық мүмкіндіктері. Кәсіби мансап құру</p>			V			V								V

				кезінде сауатты қаржылық шешімдер қабылдау.															
9		БП	ТК	Қоғамға қызмет ету	<p><u>Мақсаты:</u> университетте оқытылатын пәндермен байланысты қоғамдық пайдалы іс-әрекеттерді жүзеге асыру, академиялық бағдарламаларды игеру негізінде әлеуметтік маңызды дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Service Learning ұғымының мәні мен мазмұны, Service Learning тұжырымдамасының қалыптасу және даму тарихы. Service Learning-тің негізгі құрамдас бөліктері, балалар мен жасөспірімдер ортасындағы қоғамдық пайдалы іс-әрекеттер, әлемдік және қазақстандық тәжірибеде волонтерлік қозғалысты ұйымдастыру, Service Learning тің профильдік бағыты. Қоғамдық пайдалы іс-әрекеттер арқылы оқытудың халықаралық тәжірибесі. Әлеуметтік жобаларды әзірлеудің жалпы принциптері мен әдістемесі. Іске асырылған әлеуметтік жобаларды талдау әдістері.</p>					V									
10		БП	ТК	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	<p><u>Мақсаты:</u> сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, тұлғаның берік адамгершілік негіздерін, азаматтық ұстанымын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың орнықты дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Құқықтық нигилизмді еңсеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласында білім</p>					V			V						

					<p>алушылардың мәдениетінің қалыптастыру. жемқорлыққа қарсы дағдыларды жемқорлыққа қарсы стандартын жемқорлыққа қарсы насихаттау, заңдылық, заңға құрмет идеяларын тарату. Сыбайлас жемқорлықтың табиғатын түсінуге, оның көріністерінен шығындарды үстанымын дәлелді қорғай білуге, сыбайлас жемқорлықтың көріністерін іздеуге бағытталған қызмет.</p>															
10	Коммуникация және дене мәдениеті модулі	ЖБП	МК	Қазақ (орыс) тілі	<p><u>Мақсаты:</u> қазақ (орыс) тілінде қоғамдық өмір және әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырып, академиялық мәтіндер жазу қабілетін жетілдіреді.</p> <p><u>Мазмұны:</u> А1, А2, В1, В2-1, В2-2 (В2, С1 орыс тілі) деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар</p>	10														V

					бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту.													
11		ЖБП	МК	Шетел тілі	<p><u>Мақсаты:</u> А2 жеткілікті деңгейінде және В1 базалық жеткіліктілік деңгейінде шет тілін оқыту үдерісінде мәдениетаралық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру.</p> <p><u>Мазмұны:</u> А1, А2, В1, В2 деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту.</p>	10												V
12		ЖБП	МК	Дене шынықтыру	<p><u>Мақсаты:</u> кәсіби қызметке дайындалу үшін денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін дене шынықтыру құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттілігі мен</p>	8	V											

				<p>әлеуметтік-жеке құзыреттіліктерін қалыптастыру; болашақ еңбек қызметінде физикалық жүктемелердің, жүйке-психикалық стресстердің және қолайсыз факторлардың тұрақты төзімділігіне.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Дене шынықтыру - сауықтыру және жаттығу бағдарламаларын іске асыру. Жалпы дамыту және арнайы жаттығулар кешені. Спорт түрлері (гимнастика, спорттық және ашық ойындар, жеңіл атлетика және т.б.). Сабақ процесінде бақылау және өзін-өзі бақылау, сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру. Жарыстардың төрешілері, кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру даярлығының құралдары. Қазіргі заманғы сауықтыру жүйелері.</p>														
13		БП	ЖК	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	<p><u>Мақсаты:</u> кәсіби маңызды жағдайларда қарым-қатынасты барабар құра алатын және арнайы мақсатта тіл нормаларын игерген маманға кәсіби бағдарланған тілдік дайындықты қамтамасыз ету.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Кәсіби тіл және оның құрамдас бөліктері. Кәсіби терминология ғылыми стильдің негізгі белгісі. Оқу-кәсіптік және ғылыми-кәсіптік салалардағы ғылыми лексика және ғылыми конструкциялар. Мамандық бойынша ғылыми мәтіндерді талдау және өндіру бойынша жұмыс алгоритмі. Ғылыми-кәсіби мәтіндерді құрастыру. Болашақ кәсіби қызмет шеңберіндегі іскерлік коммуникация және</p>	3	V							V				

				құжаттама негіздері.																
14		БП	ЖК	Кәсіби бағытталған шетел тілі	<p><u>Мақсаты:</u> Кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында шет тілін қолдануға мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттілікті меңгеру.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Экономика және бизнес саласындағы кәсіби қызмет және іскерлік қарым-қатынас. Экономикалық орта. Экономикалық белсенділікті өлшеу. Табыс. Экономикалық жүйелер. Позитивті және нормативтік экономика. Микроэкономика және макроэкономика. Баға, кіріс және сұраныс. Экономика моделі. Инфляция. Инфляцияның бизнеске әсері. Ақша және банк ісі. Ақша нарығы. Ақша массасы және ақшаға сұраныс. Ақша-несие саясаты.</p>	3	V													
15		ЖБП	МК	Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар	<p><u>Мақсаты:</u> ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру. Сандық жаһандану дәуірінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен маңыздылығын сыни түрде түсіну қабілетін дамыту, жаңа "сандық" ойлау.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Компьютерлік жүйелерге кіріспе және архитектурасы. Бағдарламалық қамтамасыз ету. Операциялық</p>	5														V

					жүйелер. Адамның компьютермен әрекеттесуі. Деректер базасының жүйесі. Деректер базасын басқару. Желілер және телекоммуникациялар. Киберқорғаныс. Интернет технологиялары. Бұлтты және мобильді технологиялар. Мультимедиялық технологиялар. Смарт технологиялар. Электронды технологиялар. Электронды бизнес. Электронды үкімет.													
16	Экономикалық-математикалық дайындаудың негіздері	БП	ЖК	Экономикадағы математика	<p><u>Мақсаты:</u> экономикалық есептердің математикалық моделін құру дағдыларын және оны шешу жолдарын қалыптастыру.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Матрицалар мен детерминанттар. Сызықтық алгебралық тендеулер мен теңсіздіктер жүйелері. Векторлар және векторлық жүйелер. Жазықтықта түзу. Функциялар, шек, үздіксіздік. Функцияның туындысы және дифференциалы. Экономикалық талдаудағы дифференциалды есептеулер. Экономикалық-математикалық модельдеу. Қолданбалы математикалық модельдер. Кездейсоқ шамалардың таралу заңдары. Кездейсоқ шамалар жүйесі. Іріктеу әдісінің элементтері. Тарату параметрлерін статистикалық бағалау. Гипотезаларды статистикалық тексеру. Дисперсиялық талдау.</p>	4					V						V	
17		БП	ЖК	Экономикалық теория	<p><u>Мақсаты:</u> қоғам дамуының экономикалық заңдылықтары және оның тиімді жұмыс істеу мәселелері туралы білім жүйесін</p>	4					V		V					

				<p>қалыптастыру.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Экономика қоғам өмірінің саласы ретінде. Қоғамдық өндіріс. Меншік қатынастары және оның экономикадағы рөлі. Қоғамдық өндірістің нысандары. Нарық экономикалық қатынастар жүйесі ретінде. Сұраныс пен ұсыныс теориясы. Кәсіпкерлік. Өндіріс шығындары. Капитал: мәні және нысандары. Өндіріс факторлары. Ұлттық экономика. Жиынтық сұраныс және жиынтық ұсыныс. Экономиканың циклдік дамуы. Инфляция және жұмыссыздық. Ақша-несие және қаржы саясаты. Мемлекеттің фискальды саясаты. Әлеуметтік саясат оның бағыттары мен қызметтері. Әлемдік шаруашылық.</p>															
18		БП	ТК	Мамандыққа кіріспе	<p><u>Мақсаты:</u> таңдап алынған кәсіппен танысу, экономист жұмысының мақсатын, міндеттерін және ерекшеліктерін көрсету.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Курстың мақсаты мен міндеттері және "Экономист" мамандығының мәні. Білім берудегі заңдар. Университетінің ұйымдастырушылық құрылымы. Экономика бакалаврын дайындаудың білім беру бағдарламасы. ЖОО-да оқу үдерісін ұйымдастыру. Оқытудың кредиттік жүйесі. Экономика ғылым ретінде. Экономикалық жүйелер және оларды бөлудің негізгі критерийлері. Экономиканың дамуының макроэкономикалық көрсеткіштері. Қазақстан</p>	4	V				V								

				Республикасы экономикасының ерекшеліктері. Аймақ экономикасының дамуының негізгі нәтижелері. Кәсіпорын ұлттық экономиканың негізгі буыны ретінде.															
19		БП	ТК	Академиялық жазу негіздері	<p><u>Мақсаты:</u> аналитикалық мәтіндік қызметпен байланысты кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру; тілдің мәнерлі бірліктерін талдай білу және коммуникацияның мақсаттары мен шарттарына байланысты қажетті бірлікті дұрыс таңдау.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Бәсекеге қабілетті адамды қалыптастыру жолдары. Сананың ашықтығы рухани жаңғырудың шарты ретінде. Отандық және шетелдік мәліметтер базалары. Академиялық қоғамдастықтың құрылымы. Библиографиялық сипаттама. Аннотация. Реферат. Аналитикалық шолу және рецензия. Ғылыми хабарлама. Редакторлық өңдеу. Ғылыми қызметтің теориялық негіздері. Сыни тұрғыдан ойлау. Ғылыми мәтінді құру қағидалары. Студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы.</p>					V			V						
20		БП	ЖК	Микроэкономика және макроэкономика	<p><u>Мақсаты:</u> нарықтық экономика субъектілерінің мінез-құлқын объективті бағалау және білім алушылардың бизнес-ортада өзін-өзі табысты жүзеге асыруы үшін микроэкономика мен макроэкономиканың әдістері мен модельдерін зерттеу</p> <p><u>Мазмұны:</u> Нарық механизмі,</p>	5							V						V

					сұраныс пен ұсынысты талдау. Тұтынушылардың мінез-құлқының теориясы. Өндіріс теориясы. Өндірістік шығындар. Монополия, олигополия, монополиялық және жетілген бәсеке жағдайындағы фирманың мінез-құлқы. Өндіріс факторларының нарықтары. Сыртқы әсерлер. Қоғамдық тауарлар. Макроэкономикалық көрсеткіштер. Экономикалық циклдар, жұмыссыздық, инфляция. Жиынтық сұраныс және жиынтық ұсыныс. Тұтыну және жинақтау. Ақша нарығы. IS-LM үлгісі. Экономикалық өсу. Халықаралық сауда. Төлем балансы. Айырбас бағамы.													
21		БП	ЖК	Оқу практикасы	<u>Мақсаты:</u> таңдалған БББ бойынша бастапқы кәсіби дағдылар мен біліктілікті алу, алынған теориялық білімді бекіту және тереңдету, болашақ кәсіби қызмет туралы түсініктерді кеңейту. <u>Мазмұны:</u> Университеттің, жоғары мектептің тарихымен танысу, "Экономика" білім беру бағдарламасының мазмұнымен, болашақ кәсіби қызметтің түрлерімен, функцияларымен және міндеттерімен танысу. Жеке тапсырманы, F3Ж тапсырмасын орындау.	1	V					V						
22	Басқару және бизнес негіздері	БП	ЖК	Менеджмент	<u>Мақсаты:</u> Ұйымда басқарушылық қызметті жүзеге асыру білімі мен дағдыларын қалыптастыру, көшбасшылық және басқарушылық қасиеттерді дамыту. <u>Мазмұны:</u> Эволюция, негізгі	4	V	V					V					

				<p>ұғымдар мен басқару мектептері. Ұйымдастыру теориясы және оның дамуы. Басқарудың әдістемелік негіздері. Ұжымның қалыптасуы және дамуы. Ішкі және сыртқы орта. Менеджердің қасиеттері және оның ұйымдағы рөлі. Көшбасшылық: көшбасшылық стилі және басқарушылық имиджі. Ұйымның бәсекеге қабілеттілігін бағалау. Кәсіпкерлік және менеджмент. Басқаруды ақпараттық-коммуникациялық қамтамасыз ету. Басқару шешімдерін әзірлеу. Жанжалды, стрессті және өзгерістерді басқару. Басқару әрекетінің мәдениеті. Басқару функциялары. Басқару тиімділігі.</p>														
23		БП	ТК	Маркетинг	<p><u>Мақсаты:</u> маркетингтің теориялық негіздерін, тұжырымдамалық аппаратын зерттеу, компаниялардың қызметінде маркетингтің элементтері мен принциптерін қолданудың практикалық дағдыларын игеру.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Маркетингтің теориялық негіздері. Маркетингті басқару. Маркетингтік зерттеулер және маркетингтік ақпарат. Маркетингтік орта. Нарықтар және тұтынушылардың сатып алу тәртібі. Нарықты сегменттеу және өнімді орналастыру. Тауарлар мен жана тауарларды, тауар саясатының стратегиясын әзірлеу. Міндеттері, баға саясаты; баға стратегиялары. Тарату арналары және тарату. Байланыс және ынталандыру стратегиясы.</p>	4			V		V	V						

				Тауарларды жылжыту, байланыс саясаты. Стратегия, жоспарлау, бақылау. Халықаралық маркетинг. Коммерциялық емес қызмет маркетингі және маркетинг.														
24		БП	ТК	Маркетингтік зерттеулер	<p><u>Мақсаты:</u> маркетингтік зерттеулер туралы теориялық және практикалық білім алуы, олардың экономикалық субъектіні басқару процесіндегі рөлі мен маңыздылығын түсіну.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Маркетингтік зерттеулердің мәні, мазмұны және ұйымдастырылуы. Маркетингтік зерттеулердің негізгі бағыттары. Маркетингтік зерттеулердегі ақпарат. Маркетингтік зерттеулерді жоспарлау. Маркетингтік зерттеу процесі. Маркетингтік зерттеулерді ұйымдастыру және этикасы. Маркетингтік зерттеулерді жүргізудің жалпы әдістері. Бақылау әдістері. Эксперименттерді ұйымдастыру. Сауалнама жүргізу. Үлгіні жоспарлау. Маркетингтегі сандық және сапалық зерттеулердің жіктелуі. Маркетингтегі фокус-топ әдісі. Панельдік зерттеулер. Маркетингтің аналитикалық жүйесі және нәтиже беру.</p>					V		V						
25		БП	ЖК	Кәсіпорын экономикасы	<p><u>Мақсаты:</u> шаруашылық жүргізудің нарықтық жағдайында кәсіпорынның қызмет етуінің экономикалық механизмдерін зерттеу негізінде экономикалық ой-өрісін дамыту.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Кәсіпорын – шаруашылық нысаны, экономикалық жүйенің негізгі</p>	4			V			V						V

				буыны. Кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі. Кәсіпорынның негізгі капиталы. Кәсіпорынның айналым капиталы. Кәсіпорынның материалдық ресурстары және оларды пайдалану тиімділігі. Кәсіпорынның еңбек ресурстары. Кәсіпорындағы еңбек ақы. Кәсіпорынның инвестициялық және инновациялық қызметі. Кәсіпорынның өндірістік қызметін жоспарлау. Кәсіпорынның маркетингтік қызметі. Өнімнің және кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі. Өнімді өндіру және өткізу шығындары. Кәсіпорын қызметінің қаржы нәтижелері. Кәсіпорынның қаржы. Кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігі.													
26		БП	ТК	Кәсіпкерлік	<p><u>Мақсаты:</u> бәсекелік ортада кәсіпорындардың кәсіпкерлік қызметін ұйымдастырудың теориялық негіздері мен тәжірибелік дағдыларын меңгеруді оқыту болып табылады.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Кәсіпкерлік: мәні, мазмұны қалыптасу шарттары. Кәсіпкерліктің ұйымдастыру-құқықтық түрлері. Кәсіпкерліктегі тәуекелділік. Кәсіпкерліктегі бизнес-жоспарлау. Кәсіпкерлік қызметінің қаржыландыру. Кәсіпкерлік қызметінің мамандармен қамтамасыз ету. Кәсіпкерлік келісімдерді ұйымдастыру. Кәсіпкерлік құпия және оны қорғау. Кәсіпкерлік қызметінің субъектілерінің жауапкершілігі. Кәсіпкерліктегі</p>	4		V	V			V					

				мәдениет және этика. Кәсіпкерлік қызметіндегі бәсеке және бәсекеге қабілеттілік. Кәсіпкерлік қызметінің тиімділігін бағалау және талдау. Шағын кәсіпкерлік. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және оның инфрақұрылымы. Кәсіпкерлік қызметті тоқтату.															
27		БП	ТК	Бизнес-коммуникациялар	Мақсаты: кәсіби қызметте тиімді іскерлік байланыстар орнатуға ықпал ететін коммуникативтік құзыреттілікті дамыту. Мазмұны: Бизнес-коммуникациялар, олардың мәні мен сипаттамалары. Байланыс процесі: мазмұны, элементтері және кезеңдері. Іскерлік коммуникацияның нысандары мен түрлері. Іскерлік хат алмасу. Іскерлік әңгімелер мен кеңестер. Іскерлік келіссөздер. Іскерлік коммуникацияның заманауи формалары. Көшбасшының қарым-қатынас мәдениеті. Іскерлік коммуникация этикасы мен этикеті. Ұйымдастырушылық коммуникацияларды басқару. Маманның имиджі және сәтті қарым-қатынас құпиялары. Коммуникациялардың тиімділігі, оны бағалау критерийлері және арттыру факторлары.		V							V					
28		КП	ЖК	Өндірістік практика I	<u>Мақсаты:</u> экономика, өндірісті ұйымдастыру, жоспарлау, кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметін талдау бойынша алынған теориялық және практикалық білімді бекіту, еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде дербес шешімдер қабылдау үшін	4	V				V		V					V	

					кәсіби дағдылар мен біліктерді қалыптастыру. <u>Мазмұны:</u> Практика базасының қызметімен танысу, оның құрылымы мен қызметін зерттеу, қызметінің негізгі көрсеткіштерін талдау, жеке тапсырманы, ҒЗЖ тапсырмаларын орындау.															
29	Есеп және қаржы негіздері	БП	ЖК	Қаржы	<u>Мақсаты:</u> қаржылық қатынастар саласындағы теория мен практиканың негіздерін үйрену, несиелік, валюталық, ақшалай, сондай-ақ мемлекеттің қаржы жүйесінің басқа да құрамдас бөліктері туралы түсінігін қалыптастыру. <u>Мазмұны:</u> Қаржының мәні мен функциялары. Қаржы жүйесінің құрылымы. Қаржылық механизм. Қаржылық басқару құралдары. Қаржылық бақылаудың нысандары мен әдістері. Мемлекеттік несие. Үй шаруашылығының қаржысы. Сақтандырудың маңызы мен саласы. Бюджеттің және бюджеттік құрылымының рөлі. Мемлекеттік бюджеттің функциялары. Бюджеттен тыс қорларды тағайындау және жіктеу. Бюджеттен тыс қорлардың функциялары. Қаржылық жоспарлау және болжау. Сыртқы экономикалық байланыстарды қаржыландыру. Қаржы және инфляция.	4			V											V
30		БП	ТК	Салық және салық салу	<u>Мақсаты:</u> салық салудың теориясы мен тәжірибесі туралы білім беру, олардың шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халық үшін салықтарды есептеудегі негізгі	4			V										V	

				<p>дағдыларын қалыптастыру. <u>Мазмұны:</u> Салық және салық салу негіздері. Заңды және жеке тұлғалардың мүлік салығы. Көлік құралдарына салынатын салық. Жер салығы. Қосылған құн салығы. Акциздер. Ойын бизнесіне салынатын салық. Тіркелген салық. Корпоративтік табыс салығы. Шетелдік заңды және жеке тұлғалардың кірістеріне салық салу ерекшеліктері. Жеке табыс салығы. Әлеуметтік салық. Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу. Арнайы салық режимі. Алымдар, баждар және төлемдер. Салықтық бақылау.</p>															
31		БП	ТК	<p>Қаржы нарықтары және делдалдар</p>	<p><u>Мақсаты:</u> жеке деңгейде де, компания деңгейінде де табысты қаржылық шешімдер қабылдау үшін қаржы нарықтары мен делдалдар саласында білім беру болып табылады. <u>Мазмұны:</u> Қаржы нарығының қызмет етуінің теориялық негіздері. Қаржы нарығының негізгі түрлері және қаржы құралдары. Қаржы нарықтарының қызмет етуінің негізгі өзекті мәселелері, мысалы, Қазақстан және шет елдер. Қаржы нарығын және қаржы құралдарын талдаудың заманауи әдістері. Қолданбалы тақырыптар, соның ішінде ақша нарығы, қор және борыштық бағалы қағаздар нарығы, туынды бағалы қағаздар, валюта нарығы.</p>														V
32		БП	ЖК	<p>Бухгалтерлік есеп</p>	<p><u>Мақсаты:</u> бухгалтерлік есептің негізгі қағидаларын меңгеру,</p>	4													V

					бухгалтерлік есеп элементтері мен әдістері, қаржылық есептілік элементтері мен нысандарын, бухгалтерлік есептің теориялық және әдістемелік негіздерін қарастыру. <u>Мазмұны:</u> Ұйымды басқару жүйесіндегі бухгалтерлік есеп. Бухгалтерлік есеп пәні мен әдісі. Бухгалтерлік баланс. Шоттар жүйесі және екі жақты жазу. Бухгалтерлік есептегі құжат айналымын ұйымдастыру. Ақша қаражаттары және инвестициялар есебі. Дебиторлық берешек есебі. Қорлар есебі. Ұзақ мерзімді активтер есебі. Ұйымдардағы міндеттемелер есебі. Капитал мен резервтер есебі. Кірістер мен шығыстар есебі. Қаржылық есептілікті дайындау және ұсыну.														
33		БП	ТК	Статистика	<u>Мақсаты:</u> статистикалық деректерді жинау, өңдеу және талдау әдістемесін зерттеу, массалық қоғамдық құбылыстар мен процестерді дамытуға тенденциялары мен заңдылықтарын зерттеу, олардың сандық сипаттамалары. <u>Мазмұны:</u> Статистика пәні мен міндеттері. Статистикалық бақылау. Статистикалық мәліметтерді жинақтау және топтау. Абсолютті және қатысты шамалар. Орталық тенденция өлшемдері және вариация көрсеткіштері. Ішінара бақылау. Динамикалық қатарлар. Индекстер. Динамика факторларын талдаудың индекстік әдісі. Қоғамдық	4													V

					құбылыстардың өзара байланыстылығын статистикалық зерттеу. Интервалдық – пропорционалды айнымалылар арасындағы ассоциация. Халық статистикасы. Еңбек ресурстарының статистикасы. Ұлттық шоттар жүйесі, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер. Халықтың тұрмыс деңгейінің статистикасы													
34		БП	ТК	Аудит негіздері	<p><u>Мақсаты:</u> нарықтық экономика жағдайында шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің салалық және өңірлік ерекшеліктерін ескере отырып, шағын деңгейдегі кәсіби аудиттің теориялық, ұйымдастырушылық, әдіснамалық және практикалық негіздерін дәйекті түрде ашу болып табылады.</p> <p><u>Мазмұны:</u> Аудиттің теориялық негіздері. Аудиттегі маңыздылық. Аудиторлық тәуекелдер. Аудиторлық дәлелдемелер және құжаттама. Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) және оның элементтері. Аудит ауқымы және жоспарлау. Аудиторлық қорытынды. Сатып алу циклінің аудиті. Өндіріс циклінің аудиті. Қаржылық нәтижелерді іске асыру және қалыптастыру циклінің аудиті. Ақша аудиті. Ұзақ мерзімді активтер аудиті. Міндеттемелер мен капитал аудиті.</p>								V					V
35	Халықаралық экономика және сыртқы экономикалық	БП	ТК	Халықаралық экономика	<p><u>Мақсаты:</u> халықаралық экономиканың аясында теориялық білімдерді, ептілік пен тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру,</p>	5								V				V

